

Түсінік хат

3-сыныпқа арналған «Еңбекке баулу» пәнінің әдістемелік нұсқауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасы негізінде әзірленген.

Әдістемелік нұсқаудың мазмұнында «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту», «Шығармашылық жұмысты дайындау және құру», «Презентация, талдау және бағалау» бағытында 3 түрлі іс-әрекет қарастырылған.

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған «Еңбекке баулу» пәнінен әдістемелік нұсқау құрылымына енген іс-әрекеттер сабақ, бөлім, тоқсан тақырыптарының мазмұнын ашуға бағытталған.

Әдістемелік нұсқау мазмұны «Табиғи материалдармен жұмыс», «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс», «Техникалық үлгілеу және құрастыру», «Өзіне-өзі қызмет ету» тақырыбында материалдарды төрт ортақ білім беру жүйесі (желісі) арқылы оқып-үйренуді қарастырған. Оқу-әдістемелік нұсқаулықта 34 тақырыптың әр бөлімі үшін арнайы шығармашылық жұмыстар, тапсырмалар беті, шағын андатпа, бейнежазба арқылы түсіндіру шығармашылық жұмыстары жасалған. Әдістемелік нұсқауда әдіс-тәсіл, сергіту сәті, дескрипторы, рефлексия, мұғалімнің түсіндірмесі, бағалау оқулықпен байланыстырылған.

Оқу-әдістемелік нұсқаудың базалық білім мазмұны оқу бағдарламасында көрсетілген ортақ тақырыптарды қамтитын 8 бөлімнен тұрады.

1-бөлім – «Табиғат – менің үйім» (4 сағат). Тек табиғи материалдармен жұмыс жасалады. Жанды және жансыз табиғат түрлері аталып өтіп, жұмыс барысында қолданылады.

2-бөлім – «Менің Отаным – Қазақстан» (4 сағат). Дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдана отырып жұмыс жасалынады.

3-бөлім – «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» (4 сағат). Жақындарына жақсылық жасап үйрену мақсатында жүнмен жұмыс жасалынады. «Атамның ақылы», «Әжемнің текеметі», «Әкемнің өнегесі» деген тақырыптарды қамтиды.

4-бөлім – «Өнер әлемінде» (4 сағат). Театр, бейнелеу өнері сияқты өнер түрлерімен жұмыс жүргізіледі. Театр өнерінде бетперде, музыка өнерінде аспаптарды жасау, сурет өнерінде мольберт жасауды үйренеді.

5-бөлім – «Атадан қалған асыл мұра» (5 сағат). Дәстүрлі материалдарды пайдалана отырып, ұлттық нақыштағы бұйымдарды жасайды. Соның ішінде: ши тоқу, күбі жасау, кебеже жасау т.б.

6-бөлім – «Атақты тұлғалар» (5 сағат). Балаларды елге танымал тұлғалармен таныстыра отырып, түрлі бұйымдармен жұмыс жасалынады.

7-бөлім – «Бәрін білгім келеді» (4 сағат). Дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолданып, судың құпиясымен танысады, суды үнемдеу жолдарын үйренеді. Аквариумдағы балықтарды, роботтарды т.б. жасайды. Фетрмен жұмыс жүргізіледі.

8-бөлім – «Демалыс мәдениеті. Мерекелер» (4 сағат). Бірлік күніне орай көгершін, көңілді әткеншек, көне жәдігер ретінде құмыра жасалады. Отбасылық мерекеге орай дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдарды қолдана отырып гүл жасайды.

Әдістемелік нұсқауда күнтізбелік-тақырыптық (ұзақмерзімді жоспар) жоспар және сабақ жоспарлары (қысқамерзімді жоспар) қамтылған. Оқу-әдістемелік нұсқау мұғалімге сабақ мақсаттарын белгілеуге көмектеседі. Оқушыларға нәтижелі білім беру мақсатында жаңаша оқыту түрлері мен әдістері ұсынылған. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі – құрылымдау, жоспарлау және сәндеу әрекеттері міндетті түрде іске асырылған. Оқу-әдістемелік нұсқау оқу пәнінің мазмұнын толық меңгертуде мұғалімге бағыт-бағдар беруші көмекші құрал болып саналады.

Бұл әдістемелік нұсқау балалардың еңбек етудегі қалыптастырып, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ой-өрісін дамытуға септігін тигізеді, оларға өз бетінше жұмыс жасау жолдарын үйретеді. Нұсқауда эстетикалық талғамға сай ашық бояулы, тартымды, бастауыш сынып оқушысының қызығушылығын тудыратындай дәрежеде жасалған оқулықпен жұмыс тәсілдері көрсетілген. Әрбір тақырып бойынша нақты сабақ мақсатының көрсетілуі мұғалім мен оқушы үшін нәтижеге бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыруға бағыт-бағдар қызметін атқарады.

Әрбір сабақтың 1-тапсырмасы «оқу-жазуға даярлық» шартты белгісі арқылы алдыңғы білімді еске түсіру, оқуға қызығушылығы мен белсенділігін арттыру, зейінді шоғырландыру, жаңа білімге көпірше қызметін атқару мақсатында өте мазмұнды берілген.

Оқушыларды көркем еңбекке баулуда тәлім-тәрбиелік жүйеге арқау болатын әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, үйрету әдістерін тиімді пайдалана білу мұғалімнің шеберлігін қажет етеді. Әдістемелік құралдағы үлгі сабақ түрлері бағдарламалық тапсырмаларды жүйелі түрде орындауға көмектеседі.

Қысқа мерзімді жоспарларда сын тұрғысынан ойлау, ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеттерінің қалыптасуына, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдануға арналған әдіс-тәсілдер қарастырылған. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған «Еңбекке баулу» пәнінің әдістемелік нұсқауы оқушыға білім берудегі мектеп алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталып әзірленген.

3-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ПӘНІ БОЙЫНША ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Апталық жүктеме – 1 сағат; жылдық жүктеме – 34 сағат

№	Сабақтың тақырыптары	Тақырыпты меңгертуге арналған оқу мақсаттары	Сағат саны	Күні
1-тоқсан (8 сағат)				
1. Табиғат – менің үйім				
1	Табиғи материалдар. Күзгі табиғат көрінісін жасау	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясынан анықтау; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	05.09.24
2	Өсімдіктер әлемі. Икебана құрастыру	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдардың өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	12.09.24
3	Жануарлар әлемі. Аққу жасау	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолдану саласын ажырату; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	19.09.24
4	Табиғи материалдар. Тастан мозаика құрастыру	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларын білу; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдап, іріктеу; 3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану.	1	26.09.24
2. Менің Отаным – Қазақстан				
5	Менің туған ауылым. Матадан панно жасау	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.3.1.1 өз жұмысының идеясымен процесін шығармашылықпен ұсыну;	1	3.10.24

6	Күншуақты мекенім. Полиэтиленмен жұмыс істеу	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	1	10.10.24
7	Қазақстан қалалары. Сәулеттігім	3.1.3.3 әртүрлі дерек көздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.	1	17.10.24
8	Астық – ел дәулеті. Жүккөлігінің мақетін жасау	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтау да қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	1	24.10.24
2-тоқсан (8 сағат)				
3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен				
9	Атамның ақылы. Жүннен қалпақ жасау	3.1.1.1 материал түрлерінің қолданылу аясын анықтау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.	1	7.11.24
10	Әжемнің оюы. Текемет басу	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтау да қорытынды жасау; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орынында гигиеналық талаптарды сақтау.	1	14.11.24
11	Әкемнің өнегесі. Былғарыдан қамшы өру	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеумен құрастыру).	1	21.11.24
12	Анамның алашасы. Жіптен алаша тоқу	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласына жырату; 3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.	1	28.11.24

4.Өнерәлемінде				
13	Театр өнері. <i>Бетперде жасау</i>	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.	1	5.12.24
14	Музыка өнері. <i>Домбыра жасау</i>	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	12.12.24
15	Темірменістелетін жұмыс. <i>Түймедақ гүлін жасау</i>	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату; 3.1.3.3 әртүрлі дерек көздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.3.1.1 өз жұмысының идеясымен процесін шығармашылықпен ұсыну.	1	19.12.24
16	Ою-өрнек сыры. <i>Құрақ құрау</i>	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.1.1 өз жұмысының идеясымен процесін шығармашылықпен ұсыну.	1	26.12.24
3-тоқсан (10 сағат)				
5. Атадан қалған асыл мұра				
17	Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі. <i>Ши тоқу</i>	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.	1	9.01.25
18	Ұлттық қол өнер түрлері. <i>Кебез же жасау</i>	3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1	16.01.25

19	Көнежиһаздар. Ағаштөсекжасау	3.1.3.2шығармашылықидеялардыдамытудасәндік-қолданбалыөнердіңэлементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.1.3шығармашылықжұмыстыорындаутехникасынжетілдіру.	1	23.01.25
20	Көнекөлік түрлері. Арба жасау	3.1.2.2дәстүрліжәнедәстүрліемесқарапайым материалдардықолданусаласын ажырату; 3.2.1.3шығармашылықжұмыстыорындаутехникасынжетілдіру.	1	30.01.25
21	Көнеыдыстүрлері. Күбі жасау	3.1.2.3түрліматериалқасиеттерінің сипатынақарайқолданылусаласын ажырату; 3.1.3.3әртүрлідереккөздерденалынғанақпаратты(АКТқолдану)пайдаланаотырып, шығармашылық идеяларды дамыту.	1	6.02.25
6.Атақты тұлғалар				
22	Белгілі тұлғалар. Портретжақтауын жасау	3.1.2.1дәстүрліжәнедәстүрліемесқарапайым материалдардықолданусалаларын білу; 3.2.2.3шығармашылықжұмыстыаяқтау,сыртқыкөріністіжақсартуүшінқарапайымәдістерді қолдану.	1	13.02.25
23	Тұңғышсәулетші. Ғимарат жасау	3.1.1.2дәстүрліжәнедәстүрліемес материалдардыңтүрлерінсипаттау,айтып беру; 3.2.1.1әдіс-тәсілдердіпайдаланып,материалдаржинау,сұрыптау,қолдануғадайындау, орындау техникасын анықтау.	1	20.02.25
24	Кәсібимүсінші. Ағаштанмүсінжасау	3.1.2.3түрліматериалқасиеттерінің сипатынақарайқолданылусаласын ажыратасың; 3.1.3.3әртүрлідереккөздерденалынғанақпаратты(АКТқолдану)пайдаланаотырып, шығармашылық идеяларды дамытасың; 3.2.3.2мүмкіндігінеқарай өзжұмысорнындагигиеналық талаптардысақтау.	1	27.02.25
25	Танымал зергер. Сумоншақтанәшекей жасау	3.1.3.2шығармашылықидеялардыдамытудасәндік-қолданбалыөнердіңэлементтерінқолдану жолдарын ұсыну; 3.3.1.1өзжұмысыныңидеясыменпроцесіншығармашылықпен ұсыну.	1	6.03.25

26	Ісмертігінші. Көйлектігу	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).	1	13.03.25 20.03.25
4-тоқсан(8сағат)				
7.Бәрінібілгім келеді				
27	Табиғаттағысуайналымы. Фетрменжұмыс	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).	1	3.04.25
28	Суастықұпиясы. Аквариумдегібалықтар	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1	10.04.25
29	Роботтарқалашығы. Роботжасау	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану саласын ажырату; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.	1	17.04.25
30	Ғарыштыңтылсымсыры. Ұшатын тәрелке жасау	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларын білу; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1	24.04.25
8.Демалыс мәдениеті. Мерекелер				

31	Мереке–көңіл қуанышы. Көгершін жасау	3.1.2.2дәстүрліжәнедәстүрліемесқарапайым материалдардықолданусаласын ажырату; 3.2.2.1 аралас(қарапайымжәнекүрделенген)тәсілдерарқылыматериалдардың деу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.2.2 шығармашылықжұмысжасаубарысындаұлттықэлементтердітиімдіқолдану.	1	8.05.25	1.05.25
32	Мәдени демалыс орындары. Әткеншек жасау	3.1.2.1дәстүрліжәнедәстүрліемесқарапайымматериалдардықолдану салаларын білу; 3.2.1.3шығармашылықжұмыстыорындаутехникасынжетілдіру.			
33	Рухани демалыс мәдениеті. Құмыражасау	3.1.3.3әртүрлідереккөздерденалынғанақпаратты(АКТқолдану)пайдаланаотырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.1.4.1шығармашылықжұмыстыорындаукезеңдерінанықтау,жұмысбарысын жоспарлау; 3.2.1.2ұлттыққолданбалыөнербұйымдарыныңжасалутехникаларынталдау,іріктеу.	1	15.05.25	
34	Отбасылықмерекелер. Гүлжасау	3.1.3.2шығармашылықидеялардыдамытудасәндік-қолданбалыөнердіңэлементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылықжұмысқатүсініктемеберужәнеоныжақсартубойыншаұсыныстар енгізу.	1	22.05.25	